

## ХИКАЯТ ЖАНРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Шалғынбекова Аяужан Бауржанқызы

[ayauuzhan@mail.ru](mailto:ayauuzhan@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті филология факультеті «қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 4-курс студенті

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Сағынадин Г.С

Әдебиеттің құрамдас бөлігі болып табылатын, жазба әдебиетінің қалыптасуына негіз болған халықтық әдебиеттің басты белгісі – халық өмірінен сыр шертетіндігінде, тұрмыс-тіршілігін бейнелейтіндігінде. Фольклорлық шығармалар адамның дүниеге келген кезінен бастап, о дүниелік болған кезеңіне дейінгі аралықты сипаттайды. Адам өмірінің дамуы сатыларында айтылатын бесік жыры, тұсау кесер жыры, жар-жар, тойбастар, сыңсу, көңіл айту, жоқтау, т.б. тұрмыс-салт жырлары халықтың негізі тұрмысын, салт-санасын бейнелейді. Яғни фольклорлық шығармалардың халық өмірімен біте қайнасып жатуын оның негізгі ерекшелігі, айрықша белгісі ретінде тануымызға болады.

Фольклорлық туындылар тегі жағынан поэзиялық және прозалық деп бөлінеді. Поэзиялық фольклордың түрлеріне тұрмыс-салт жырлары, эпостық жырларды жатқызсақ, ал прозалық фольклор құрамында ертегілер мен аңыз-әңгімелерді қарастырамыз. Қазақ фольклорын зерттеуші С.Қасқабасов прозалық фольклор туындыларын халықтық проза деп атайды да, ертегі мен аңыздық прозаны бөлек қарастырады. Халық прозасының ертегіден басқа түрлеріне мифты, хикаяны, аңызды, эпсана-хикаятты жатқызады. Ал ертегілердің негізгі түрлерін жануарлар жайындағы. Қиял-ғажайып, батырлық, новеллалық, сатиралық түрлерін бөліп көрсетеді. С.Қасқабасов халық прозасында аңыздан гөрі көркем, ертегіден гөрі төмендеу әңгімелердің бар екендігін айтады. Оларды ғылымда эпсана-хикаят деп атауды ұсынады. Эпсана-хикаят деп қосарлы термин ретінде қатар қолданылғанмынәпсана мен хикаяттың арасында айырмашылық бар. Ғалым «хикаят» терминін орыс фольклорындағы «легенда» жанрының баламасы ретінде алғандығын айтады да, хикаятқа былайша анықтама береді: «Хикаят дегеніміз – кейде ойдан шығарылған немесе діни кітаптардан алынған сюжеттерді көркем түрде баяндайтын әңгімелер» [1, 9]. Ғалым хикаят жанрының эпсанаға ұқсайтындығын ескертеді де, алайда олардың бір емес екендігін нақтылайды. Соның ішінде дінге қатыссыздарын эпсана, ал дінге қатыстыларын хикаят деп атайды [1, 154]. Орыс тілінде жарық көрген «Литературный энциклопедический словарь» еңбегінде хикаятқа (легенда) мынадай түсініктеме берілген: «Хикаят (легенда) – айтушы мен тыңдаушы арасында күдік туғызбайтын негізін таңғажайып оқиғалар мен фантастикалық бейнелерден алатын халықтық ауызша әңгіме» [2, 389]. Анықтамадан байқанығымыздай, хикаятта фантастикалық, таңғажайып элементтер кездеседі. Сюжетінде орын алатын мұндай элементтер оны миф, аңыздармен шатастыруы мүмкін. Алайда хикаяттың өзге фольклордан ерекшелігі – діни сипат алуында.

С.Қасқабасов: «Фольклорда алдымен сюжет пайда болады. Сюжет – бір оқиға. Айтушы өз басынан өткен бір қызық оқиғаны ағайындары мен жолдастарына жай ғана айтып беруі мүмкін. Бірте-бірте бұл оқиға біреуден-біреуге жетіп, тұрақты сюжетке айналады. Уақыт өткен сайын ол әсіреленіп, көркемделіп айтылады», - дейді [1, 18]. Демек фольклорлық шығармалардағы сюжеттердің қалай өріліп, қандай әдіспен баяндалуы фольклорлық жанрлардың табиғатына байланысты. Фольклорлық жанрлардың өзіндік ерекшелігін тану арқылы ондағы сюжеттік желі мен кейіпкерлер жүйесінің де ерекшелігін анықтай аламыз. Әр халықтың әдеби мұрасындағы туындылар өзінің табиғаты жағынан, ішкі мазмұны тұрғысынан ерекшеленді. Мысалы, орыс халқының хикаяттарында В.Я.Пропш көрсеткендей, байлық пен кедейлік оппозициялары басты орынға шығып, байлық теріс жағынан сипаттала баяндалатын болса, қазақ халқының фольклорында кездесетін хикаяттардың мазмұнында пайғамбар, әулиелердің іс-әрекеттерін баяндау

арқылы өнеге беруге тырысады [3, 134]. Хикаят жанрының сюжеттік желісі толығымен ойдан шығарылған, шындыққа жанаспайды дей алмаймыз. Өйткені хикаят ертеректе халық өмірінде болған оқиғалардың баяндалуы нәтижесінде туындайтындықтан, онда негізгі мазмұн шындық болмыспен қабысып жатады да, халыққа үлгі, өнеге беру мақсатында сюжеттік желісіне таңғажайып оқиғалар қосылып, кейіпкерлері алып күш иесі ретінде сипатталады. Мұнда біріншіден, айтышының тыңдаушыға әңгімені өтімдірек, қызғылықты етіп айтуға тырысуынан кейіпкерлерді таңғажайып әрекет үстінде сипаттау болса, екіншіден, уақыт өте келе баяндаушылардың өз жанынан оқиғалар мен сюжеттік жағдаяттарды ауыстырып, толықтыруынан туындаған себептерді атап өте аламыз.

Хикаят жанрының сюжеті мен кейіпкерлер жүйесіндегі ерекшеліктерге тоқталмас бұрын «сюжет» және «кейіпкер» терминдеріне түсінік беріп өтелік. Әдебиеттегі сюжет кейіпкер өмірінің мезгілдік-кеңістіктік өзгерісіндегі оқиғалардың тізбегін құрайды [4, 219]. Демек кейіпкер мен сюжет бір-бірімен байланыста болады, ажырамас бірлікте қаралады. Шығарманың сюжеті кейіпкердің қимыл-әрекетінен, нақтылы жағдаяттардағы іс-әрекетінен тұрады. Фольклорлық жанрлар да өзге әдеби жанрлар секілді өзінің ерекше сюжеттік желісі мен кейіпкерлер жүйесінен тұрады. Әрі сюжеті мен кейіпкерлері фольклорлық жанрды өзге фольклорлық туындылардан ерекшелеп тұрады. Хикаят жанры ислам дініне қатысты оқиғаларды сипаттау арқылы тыңдарманға өнеге беруді мақсат етеді. Бұрын жай ғана әңгіме түрінде пайда болып, аңыздық, ертегілік, мифтік белгілерді бойына сіңіре отырып, әңгіме түрінде баяндалған, сюжеттік оқиғасы ислам дініне байланысты болып келетін фольклордың ерекше жанры. Хикаяттарды тақырыптық жағынан тарихи, тұрмыстық, діни деп жіктеуге болады. Хикаят – сюжетті жанр. Алайда хикаятта баяндалатын сюжет тым күрделі болмайды әрі кейіпкерлер жүйесі де асы ауқымды емес. Сюжеттік құрылымы жағынан шағын эпизодты, бір эпизодты болып келеді. Шағын эпизодты хикаяттарда оқиғалар желісі бірінен соң бірі жалғасын тапса, бір эпизодты хикаяттарда оқиға бір ғана оқиғаның төңірегінде өрбиді. Хикаят жанрының тағы бір ерекшелігі – баяндау стилінде айтылып, өткен шақтағы іс-әрекетті сипаттауында. Фольклор жанрының бірі болғандықтан, хикаят жанрындағы туындылар ертеректе ауызша туындап отырған. Әрі айтушының сөзі тыңдаушыға күдік туғызбаған. Қазақ халқының ата діні ислам болғандықтан ел арасында тараған хикаяттардың мазмұны да ислам дінімен байланысты. VII-VIII ғасырларда Орта Азия халықтарына ислам дінін тарату, дәріптеу мақсатында үлгілік, өнегелік сипатта туындаған әңгімелер хикаятқа айналып, қазақ фольклорының ішінен орын тепкен. Қазақ фольклоры арасында кең тараған хикаяттың бірі – «Қиссасул Әнбия» хикаяты. Бұл хикаят ең алғашында араб тілінде пайда болған. Пайғамбарлар мен әулие-әмбиелердің өмірі жайында баяндалады. «Бұл пайғамбарлар туралы әңгімелер» деген мағына береді. Орта ғасырда «Қисса-ул анбийаның» әр тілде бір-біріне ұқсай бермейтін бірнеше нұсқалары пайда болды. Соған қатысты әр түрлілік оқуға, түсінуге қиындық туғызды. Сол себепті XIV ғасырда Өзбекстанның Оңтүстік аймағында билік жүргізген Тоқбуға бек «Қисса-ул анбийаның» араб, парсы және түркі, т.б. тілдеріндегі өзгеріске түскен нұсқаларын бір жүйеге түсіруді Рабғузиге тапсырады» деген пікір бар [5]. Қазіргі таңда барлығы 26 оқиғадан тұратын «Қиссасул Әнбия» хикаятында Құран Кәрімнен алынған эпизодтар мен сюжеттер баяндалған. Әр оқиға шағын көлемді болып келеді де, кейіпкерлер жүйесі де аса ауқымды болмайды. Мысалы, «Хазірет Адам Әлайһи Саламның топырақтан жаралуының баяны» аңызында Адам ата мен Хауа ананың іс-әрекеті ғана баяндалған. Оқиға бір сарында, шиеленіссіз өрбиді. Әр аңыздың тыңдарманға жеткізер ойы мен өсиеті бар. Оқиға желісінде мистикалық элементтер де жоқ емес. Мысалы, хикаятта мынадай жолдар кездеседі: «Сонсын Адам әлаһи салам Меккеге жөнелді. Жүрген уақытта жердің жүзі тіріліп, жолы қысқарды және басқан жері нұрланған риушты болып, жасарып қалды» [6, 20]. Әрине, шынайы өмірде бұлай болмасы хақ. Алайда ерте заманда ел арасында қалыптасқан, ислам дінінің келуімен халық арасына таралған аңыз уақыт өте келе тақырыптық жағынан бірігіп келіп хикаятқа айналған. «Адам Әлаһи Саламның

балаларының баяны» бөлімінде оқиғаға Адам ата мен Хауа ананың Әбіл, Ақлима және Қабыл деген балалары қосылады. Алайда олардың нақтылы іс-әрекеттері хикаятта көрініс таппайды. Қабыл мен Ақлима бірге туып, Әбіл мен тағы бір қыз дүние есігін ашады. Алайда бір құрсақта бірге болған балаларды бір-біріне қоспас үшін Ақлиманы Әбілге, Қабылға Әбілмен бірге туған қызды алып береді. Бірақ Қабыл Ақлиманы алып қашып кетеді. Оқиға соңында Қабыл Әбілді өлтіреді де, Әбілдің қаны жерге сіңіп кетеді. Кейін адам қанының жерге сінбейтін болғаны да айтылып өтеді. Оқиға желісі де, сюжеті де шағын. Кейіпкерлер іс-әрекеті де аса күрделі емес. Сондай-ақ, хикаятта араб әлеміне қатысты жер-су атаулары көп кездеседі. Қазақ даласына мұндай типтегі хикаяттар ислам дінінің енуімен байланысты келді. Бұрын араб, түркі тілдерінде баяндалған хикаяттар қазақ тіліне аударылып, түркілік, арабтық тіл қолданыстарын сақтап қалған. Барлығы 26 аңыздан тұратын «Қиссасул Әнбия» хикаятында жаратылыстың пайда болуы, пайғамбарлардың өмірі, әулие-әнбиелер баянадалады. Адам атадан бастап Дәуіт, Жүніс, Зәкария пайғамбарларға қатысты оқиғалар сипатталған. Әр аңыздың сюжеті мен кейіпкерлер жүйесі әр алуан.

Мұхаммед Пайғамбардың өмірі мен оның қатысуымен болған оқиғаларды баяндайтын кітап 1907 жылы Қазан қаласында басылып шықты. Аталған кітап «Бабалар сөзінің» тоқсан бесінші томында жеке бөлім ретінде берілген. Құрамында Мұхаммед Пайғамбарға қатысты 17 хикаят қамтылған. Әр хикаятта баяндалған оқиға бір-бірінен ерекшеленеді. Бір-бірінің жалғасы деуге де болады. Мысалы, «Фил оқиғасында» Мұхаммед Пайғамбардың анасы Әмина турасында баяндалады. Пайғамбардың есімінің қойылу себебі түсіндірілген. Екінші хикаятта Мұхаммед Пайғамбардың бала шағы туралы әңгіме болса, одан кейінгі бөлімдерде Мұхаммед Пайғамбарлықтың келуі, Меккеден Мединаға көшуі, Бадр, Үхүд соғыстары жайлы баяндалған [67-104]. Бір хикаятта болған оқиға екінші хикаятта қайталанбайды. Негізгі кейіпкері біреу (Мұхаммед Пайғамбар) болғанымен, әр хикаятта баяндалатын оқиғаға сай жанама кейіпкерлер қосылып отырады. Жанама кейіпкерлер қатарында Мұхаммед Пайғамбардың қасында жүрген сахабалар мен әулие-әнбиелер көрінеді.

Хикаят жанры да өзге фольклорлық шығармалар секілді көп нұсқалы болып келеді. Әр нұсқада бейнелетін кейіпкерлер жүйесі бір болғанымен, оқиғалар мен сюжеттік желісі әр түрлі болады. Мысалы, Адам атаға қатысты хикаяттарда Адам атының жерге түсуі әр түрлі баяндалады. «Қиссасул Әнбия» хикаятының құрамындағы «Адам ата» туралы аңызда Адам ата мен хауа ананың жерге түсуі бидай дақылын жегендіктен болса, «Жер бетінде адамның пайда болуы» қолжазба хикаятында алма ағашынан жемісті алып жегендіктен жерге түседі деп баяндалады. Хикаяттарда Жебірейіл, Ібіліс сынды діни кейіпкерлер көп баян етіледі. Хикаяттың баяндалуы Ібіліс пен Жебірейілдің іс-әрекеттерін сипаттау арқылы адамға үлгі-өнеге беруді мақсат етеді.

Қазақ арасына көп тараған хикаяттардың бірі –Ескендір Зұлқарнайын туралы әңгімелер. Ел арасында тараған осындай аңыздардың сюжеттік желісі негізінде қазақ ақындары көркем туынды жазды. Мысалы, «Ескендір Зұлқарнайын» хикаятындағы оқиға желісі Д.Бабатайұлының «Шаштараз» дастанына арқау болды. Оқиға желісі Ескендірдің басына шыққан мүйіз турасында болады. Ал «Ескендір патшаның абулхаят суын іздеуі» хикаятының сюжеті Абайдың «Ескендір» поэмасында көрініс тапты. Әрине, Абайдың жырлауындағы «Ескендір» көркем шығарма ретінде өзге де кейіпкерлер мен шиеленісен оқиғаларды кіріктіре білген. Алайда екі оқиғадағы түйін бір. Адам көзінің тірісінде атак пен абыройға, дүниеге тоймайтындығы.

Сонымен, прозалық фольклор жанры –хикаяттың сюжеттік желісі мен кейіпкерлер жүйесінде мынадай ерекшеліктер бар:

- хикаят шағын эпизодқа құрылып, бір ғана сюжетті баяндайды;
- оқиға өткен шақта баяндалып, сюжеттік желісінде шиеленіскен оқиғалар орын алмайды;
- оқиғалар тізбегі діни сипатта болады;
- кейбір әңгімелер Құран Кәрімнен алынады;

- кейіпкерлер жүйесі бірдей болғанымен, оқиғаларында айырмашылығы бар бірнеше нұсқалардан тұруы мүмкін;
- кейіпкерлер жүйесі пайғамбар, әулие-әмбие, сахабалардан тұрады;
- әр хикаяттың сюжеті мен кейіпкерлері әр алуан болады;
- тақырыптары бірдей бір хикаят екінші хикаяттың жалғасы секілді өрбіп отырады;
- мистикалық, фантастикалық элементтер кездеседі.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Қасқабасов С. Жаназық. – Астана: Аударма, 2002. – 584 б.
2. Литературный энциклопедический словарь. – Москва: Советская энциклопедия, 1987. – 751 с.
3. Пропп В.Я. Фольклор и действительность. –Москва: Наука, 1976. –322 с.
4. Хализев В.Е. Теория литературы. – Москва: Академия, 2009. – 432 с.
5. Асқарова Г. «Қисас-ул анбийя» ескерткіші түркі халықтар әдебиетінде // <http://pps.kaznu.kz/2/main/fileshow2/21123/84/2/6/0/>
6. Бабалар сөзі. Жүзтомдық.Т.95. – Астана: Фолиант, 2013. – 432 б.